

Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесін айқындау туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 28 тамыздағы № 3/602 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 914-1-бабына Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі айқындалсын.

2. "Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды және нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Алматы қаласының әкімі

Д. Сатыбалды

Алматы қаласы әкімдігінің

2025 жылғы " " _____ № _____

қаулысына қосымша

Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен ұйымдардың тізімі

№ р/с	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Мерзім	Жұмыстардың мазмұны	Ұйымдардың атауы
1.	Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау	Жыл бойы	Қоқысты тиеу және полигонға шығару, жол жиегін шабу және шабылған шөпті жинау, жүріс бөлігін тазалау және жуу, шұңқырларды жою, жарықтарды, ойықтар мен шөгу аймақтарын бітеу, кардан су ағатын арықтарды тазарту, көше жолдарының жүріс бөлігіне жол белгілерін сызу, тротуарларды лас	

			пен қоқыстан тазарту	
2.	Қысқы жол күтімі	Қыс	Тайғаққа қарсы материалдарды дайындау, жолдарды қардан тазарту, қар құрсауларын аршу, жүріс бөлігіндегі қар жамылғысын тегістеу, қар үйінділерін жою, жүріс бөлігін тайғаққа қарсы материалдармен өңдеу, автобус аялдамаларын қар мен мұздан үнемі тазарту	Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Алматы тазалық" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
3.	Қала жолдары мен жолайрықтарын көгалдандыру	Көктем-жаз-күз	Өндірістік базалардағы, гүлзарлар мен жолайрықтардағы көгалдарды және жасыл желектерді күтіп-ұстау, сондай-ақ оларды отырғызу, қалпына келтіру және сәндік безендіру	(Алматы қаласы, Көкмайса шағын ауданы, 26Е)
4.	Қаланың аумақтарын санитарлық тазалау	Жыл бойы	Қоғамдық көлік аялдамаларын, тротуарларды және арықтарды санитарлық тазалау	

			Бағдаршам		
5.	Бағдаршам нысандарын таза әрі ретте ұстау	Жыл бойы			

			нысандарын таза әрі ретпен ұстау	
Барлығы	5	4	5	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК